

2025 жылға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидия нормаларын бекіту туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2025 жылғы 5 мамырдағы № 79 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 14 мамырда № 8716-04 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 тіркелген) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 бұйрығына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес 2025 жылға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидиялар нормалары бекітілсін.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі

А. Шахаров

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2025 жылғы 5 мамырдағы
№ 79 қаулысына қосымша

2025 жылға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидиялар нормалары

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдарының атауы	Өлшем бірлігі	Субсидия нормасы, теңге
1	Күнбағыс	тонна	20 000,0
2	Максары	тонна	10 000,0
3	Өнеркәсіптік жылыжай кешеніндегі көкөністер	гектар	8 500 000,0
4	Фермерлік жылыжайдағы көкөністер	гектар	3 400 000,0

